

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламенті  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 3 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Ә. Смайыловқа**

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры  
Б. Асылықовқа**

Депутаттық сауал

**Құрметті Әлихан Асханұлы!  
Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Еліміздің қоршаған ортасын қорғау мәселелері «АМАНАТ» партиясының сайлауалды платформасында айрықша орын алған.

Біз үшін де, халық үшін де Маңғыстаудағы ең маңызды экологиялық тақырыптың бірі – «Қошқар ата» қалдықтар қоймасы.

Ақтау қаласының іргесінде орналасқан Мұнайлы, Түпқараған аудандарымен шектеліп жатқан «Қошқар Ата» ойпатында орналасқан әлемдегі ең үлкен радиоактивтік қалдықтар қоймасын рекультивациялау жұмысы басталмай жатып, бір емес екі рет тоқтатылуы, бөлінген миллиардтаған қаражат бір емес, екі мәрте игерілмеуі, Мемлекет басшысының Үкіметке берілген тапсырмасының орындалмауы, Парламент мінберінен бірнеше рет депутаттық сауалмен көтерілген, Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы Хаттамасының да орындалмауы Маңғыстау тұрғындарының үлкен наразылығын тудыруда.

Бұл 77 шаршы километр аумақты алып жатқан жерде, жобамен 105 млн тоннадан астам уытты, оның ішінде 52 млн тоннадай әлсіз радиоактивтік қалдықтар орналасқан.

Жалпы, бұл улы қойманы рекультивациялау жері 2012 жыл рәсімделіп, жобалық сметалық құжаттары жасақталып, радиоактивті қалдықтар шаң болып атмосфераға көтерілмес үшін, ашық қалған 45 шаршы километрдей жер 30 сантиметр топырақпен жабылатын болып шешім қабылданған. Бұл ең арзан және бүгінгі күні оңтайлы шешім деп табылған еді.

Алайда, ондаған жылдарға созылған бұл мәселенің нақты жұмыстары 2021 жылы басталған болатын.

Жоғарыда аталғандай, осы басталған екі жылдың ішінде көму жұмыстары екінші рет тоқтатылып отыр.

Біріншісінде, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы К.Мәсімовтың ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне жазылған негізсіз хаты бойынша министрлік негізсіз қаражат бөлуді тоқтатқан.

Екінші рет не үшін тоқтатылды?

Себебі, жобалық-сметалық құжаттарда топырақ мердігерге тегін ұсынылуы керек еді алайда, жергілікті атқарушы орган мердігерге топырақты ала алатын тиісті карьерді бөлмеген, қайдан алатыны көрсетілмеген, яғни нақты іспен айналыспаған. Ал бұл дегеніміз, объектіні қалпына келтіруге арналған негізгі материал және жұмыстың ең қымбат бөлігі.

Осылайша, бастапқыда әкімдік тарапынан тегін топырақ алынатын жер, яғни карьер көрсетілмей шарттың негізгі бөлігі бұзылған, соның салдарынан жобаның қымбаттауы және кейіннен жұмыстардың тоқтатылуы орын алған.

Сонымен, Үкіметтік деңгейде бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілер салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалық-сметалық құжаттар) бекіту қағидаларына сәйкес, жобаны түзету жүргізу туралы мәселе көтерілді (қағидалардың 16 тармағы).

Қазіргі уақытта, жобаға түзету енгізу аяқталып, жобалық-сметалық құжаттар қайта жасақталған.

Алайда, ағымдағы сәтте жергілікті мемлекеттік органдардың Үкімет тапсырмасын орындамай немқұрайлылық танытуы, жұмыстардың пайдалану мезгілінің созылуына әкеліп соқтыратыны сөзсіз.

Жоғарыда айтылған негізде:

«Қошқар Ата» ойпатындағы радиоактивтік қалдықтарды рекультивациялаудың әлеуметтік маңызының зор екенін ескере отырып, тез арада заласыздандыру жұмыстарын қайта бастауды, 700 мың Маңғыстау халқының тағдырын тәлкек етіп, немқұрайлық танытып отырған жауапты мемлекеттік тұлғаларға тексеріс жүргізіп, заң бұзушылықтар расталған жағдайда, қатаң жауапқа тартылуын талап етеміз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес Сізден депутаттық сауалға заңнамада көзделген мерзімде жазбаша жауап берулеріңізді сұраймыз.

*Құрметпен,*

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары,  
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері**

**С. Мусабаяев  
Е. Жаңбыршин**